

**С.Н. Ділмағамбетов, Ж.Ж. Ғұмарованын
«Биоорганикалық химия» оқу құралына**

ІІКІР

Оқулықтар мен оқу құралдарын дайындау қоғамның өзекті мәселелерінің бірі екендігі белгілі.

Студенттердің және басқа да қызығушы тараптардың назарына ұсынылып отырған С.Н. Ділмағамбетов, Ж.Ж. Ғұмарованың «Биоорганикалық химия» оқу құралы оқырмандардың медицина саласындағы химия бойынша теориялық білімдерін қалыптастырып қана қоймай, олардың танымдық белсендігін арттыруға, болашақта зерделенетін биологиялық химия курсын меңгерулеріне мүмкіндік береді, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуге жағдай жасайды. Оқу құралында химия мен медицина арасындағы байланыс, адам организмінде орын алатын химиялық үдерістердің механизмі жоғары деңгейде берілген.

Оқу құралының тілі жатық, сапалы және сауатты жазылған, сөйлемдік құрылымдары оқушыға түсінікті берілген.

Қолжазбаның әдістемелік деңгейі жоғары дәрежеде берілген және аталмыш пәнді оқыту талаптарына сәйкес, студенттердің өздігінен тиімді жұмыс жасауына ыңғайлы.

Оқу құралында жүйелі түрде және жоғары әдістемелік деңгейде студенттердің биологиялық химия курсын меңгеруге қажетті сұрақтары қарастырылған. Барлық сұрақтар практикалық мысалдар және схемалармен безендірілген.

Қолжазбаның тағы бір ұтымдылығы курс материалдарының бір жүйеге келтірілуі: барлық тарауларда негізгі түсініктерге анықтамалар беріліп, оқырмандардың аналитикалық ойлау қабілетін дамытатын сұрақтар мен тапсырмалар келтірілген. Тапсырмаларға жауаптарды оқу құралындағы мәліметтерден алуға болады.

Оқу құралының мазмұны, оның көркемделуі жоғары оқу орындарының әдбиеттеріне қойылатын талаптарға сай. Тарауларда қарастырылатын теориялық сұрақтарға біріліп отырған мәтіндер біршама толық, әрі студенттердің болашақ мамандықтарына бағытталған, анықтамалық- библиографиялық материал толық көлемде бірілген.

Қолжазбада келтірілген схемалар әдістемелік тұрғыдан дұрыс құрастырылған, беріліп отырған мәтіннің мазмұнын толық сипаттайды. Оқу құралында қолданылған терминологиялық аппарат жалпы қабылданған және қолданыстағы құжаттамаларға сәйкес.

Оқу құралы жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулықтар мен оқу құралдарына қойылатын барлық талаптарға сай және оған денсаулық сақтау бағыты бойынша РОӘ кеңесі ОӘБ грифін беру қажет деп санаймын.

Марат Оспанов атындағы БҚМУ
жаратылыстану ғылыми кафедрасының
менгерушісі, доцент, PhD



Жармаханова Г.М.



**С.Н.Ділмағамбетов, Ж.Ж.Ғұмарованың
«Биоорганикалық химия» оқу құралына**

ПІКІР

Медициналық жоғары оқу орындарында химияны оқытудың негізгі мақсаты тірі организмдердің қызметін жасушалық деңгейде түсіну мақсатында студенттерді заманауи теориялармен қаруландыру болып табылады.

«Биоорганикалық химия» оқу құралының авторлары Марат Оспанов атындағы БҚМУ медициналық және биологиялық химия кафедрасының профессоры С.Н.Ділмағамбетов пен аталмыш кафедраның меңгерушісі, доцент Ж.Ж.Ғұмарова.

Оқу құралының мазмұны мен құрылымы медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша отандық Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарындағы «Химия» пәнінің мазмұнына толықтай сәйкес келеді.

Жоғары кәсіби медициналық білім беруде оқу құралының келесі курста оқылатын биохимия пәнінің негізін қалайтын курс екендігін, оның студенттердің болашақ мамандықтарына мейлінше бағытталғандығын ескерсек, басылымның құндылығы арта түседі.

Ұсынылып отырған оқу құралы 15 ірі тараулардан тұрады, олардың мазмұны оқытудың соңғы мақсаттарына бағытталған: берілген материалдар биология, биологиялық химия, физиология, фармакология және т.б. ғылымдарды зерделеуге қажетті теориялық және практикалық дағдыларды қамтыған. Тақырыпты пайымдау барысында биоорганикалық химияның тірек-сұрақтары қарастырылып, соңғы көзқарастар беріледі. Оқу құралын жазу барысында авторлар ҚР Мемлекеттік терминологиялық комиссиясы бекіткен «Химия» сөздігін, медицинаның барлық салаларын қамтитын А.Р. Рақышев пен М.Ахметовтың сөздіктерін кеңінен пайдаланған, сондықтан химиялық және медициналық (биологиялық) терминдер біршама жүйеленген деп айтуға болады.

Оқу құралы жеңіл оқылады, оқырманның теориялық мәселелерді зерделеуіне қолайлы, пән бойынша медициналық мамандықтар бойынша қазақ тілінде жүйелі білім алуына толық мүмкіндік береді. Қолжазбада орын алған олқылықтар оны талдау барысында авторлардың қатысуымен түзетілді. Оқу құралының қолжазбасы оқу үдерісінің талаптарына және курс бағдарламасының мазмұнына, ал материалды пайымдау деңгейі заманауи ғылымның жетістіктеріне сәйкес келеді.

Жалпы алғанда, талдаудан өткен бұл оқу құралын қазақ тілінде химиядан білім алатын медициналық және іргелес салалардың студенттеріне оқу құралы ретінде басып шығаруға ұсынуға болады. Денсаулық сақтау бағыты бойынша РОӘ кеңесі ОӘБ грифін беру қажет деп санаймын.

Қ.Жұбанов атындағы АОУ жаратылыстану
факультеті химия және химиялық
технология кафедрасының доценті, п.ғ.к.



**С.Н.Ділмағамбетов, Ж.Ж.Ғұмарованың
«Биоорганикалық химия» оқу құралына**

ІШКІР

Бұл оқу құралы медициналық бағыттағы мамандардың жаратылыстану-ғылыми ойлау қабілеттіктерінің қалыптасуына айтарлықтай ықпал жасайтын органикалық химияның таңдамалы тарауларын пайымдауға арналған. Оқу құралын медициналық оқу орнында негізгі пәндердің бірі болып саналатын биологиялық химия курсына кіріспе ретінде қарастыруға болады.

Ұсынылып отырған басылымның әрбір тарауы медициналық ЖОО студенттерін адам организмінде молекулалық және жасушалық деңгейде орын алатын үдерістердің физикалық-химиялық және физиологиялық механизмдерін қарастыруға қажетті теориялық біліммен қаруландырады. Айта кететін бір жәйт, болашақ дәрігерлерге арналған қазақ тіліндегі биоорганикалық химиядан пәннің типтік бағдарламасын толық әрі толыққанды қамтитын отандық оқулықтар мен оқу құралдары жоқтың қасы.

Жоғары кәсіби медициналық білім беруде бұл оқу құралының студенттердің болашақ мамандықтарына мейлінше бағытталғандығын ескерсек, оның құндылығы арта түседі.

Авторлар оқу құралын барынша сапалы етіп дайындауға және оның теориялық деңгейінің жоғары болуына баса назар аударған: сөздердің мағынасын, көркемдік қуатын, бейнелік әсерін неғұрлым толық жеткізу мақсат етілген. Оқу құралында сөз қолдану, ойдың мағынасын толық жеткізу, көркемділігін жоғалтпау, маңызын төмендетпеу сияқты басылымдарға қойылатын талаптар толық сақталған деуге болады.

Басылым ғылыми пәннің оқу құралы болғандықтан, ондағы химия, медицина, биология ғылымдарының теориялық сұрақтары, терминдері мен ұғымдары осы салалардағы ресми бекітілген сөздіктердің негізінде алынған, қажет жағдайларда олардың түсініктемелері берілген.

Оқу құралы жеңіл оқылады, оқырманның теориялық мәселелерді зерделеуіне қолайлы, пән бойынша медициналық мамандықтар бойынша қазақ тілінде жүйелі білім алуына мүмкіндік береді.

Теориялық материалдың көлемі оның және орналасу реті мен материалдарды пайымдау деңгейі медициналық жоғары оқу орындарының студенттері үшін оқылатын «Биоорганикалық химия» пәнінің бағдарламасына сәйкес келеді.

Оқу құралының көлемі, мазмұны органикалық химия курсының теориялық негізімен анықталады. Сұрақтарды қарастыру барысында қазіргі кездегі органикалық химияның бағыттаушы теориялары мен идеялары кеңінен қолданылған.

Қорыта айтқанда, авторлар С.Н.Ділмағамбетов пен Ж.Ж.Ғұмарованың «Биоорганикалық химия» оқу құралы барлық талаптарға сай және оны баспаға ұсынуға болады деген қорытынды жасауға болады және денсаулық сақтау бағыты бойынша РОО кеңесі ОӘБ грифін беру қажет деп санаймын.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ органикалық заттардың,
табиғи қосылыстар мен полимерлердің химиясы және
технологиясы кафедрасының профессоры, х.ғ.д.



Пікір

Марат Оспанов атындағы БҚМУ медициналық және биологиялық химия кафедрасы, авторлары Ділмағамбетов С.Н., Ғұмарова Ж.Ж. Биоорганикалық химия (медициналық мамандықтар бойынша оқитын студенттер үшін оқу құралы). Ақтөбе, 2024, -176б. медициналық жоғары оқу орындарының студенттеріне медициналық химия пәні бойынша практикалық сабақтарға, студенттің өзіндік жұмыстарын орындау үшін және емтиханға дайындалуға көмекші құрал ретінде, сонымен қатар білімін тереңдетуге арналған.

Оқу құралы терминологиялық топтың талдауынан өтіп, материалдардың ғылымилығы, жүйелілігі, пайымдылығы, дәйектілігі және танымдылығы сақтала отырып құрастырылған деген қорытынды жасалды.

Аталған оқу құралының авторлары медициналық ЖОО-ларда қазақ тілінде білім алатын студенттердің биоорганикалық химия пәні бойынша жүйелі білім алуын және пәнге, ғылымға деген қызығушылығын арттыруды мақсат етіп отырғаны көрініп тұр.

Терминологиялық топтың пайымдауы бойынша оқу құралының мазмұнына, медициналық-химиялық терминдер аудармасына ешқандай ескерту жоқ, кейбір механикалық қателіктерге қатысты ескертулер бойынша түзетулер енгізілді.

Терминологиялық сараптаудан өткен аталмыш еңбекті қазақ тілінде білім алатын медициналық ЖОО студенттеріне биоорганикалық химия пәні бойынша практикалық сабақтарға, студенттің өзіндік жұмыстарын орындау үшін және емтиханға дайындалуға көмекші құрал ретінде, сонымен қатар білімін тереңдетуге арналған оқу құралы ретінде басып шығаруға ұсынуға болады. Денсаулық сақтау бағыты бойынша РОӘ кеңесі ОӘБ грифін беру қажет деп санаймын.

Марат Оспанов атындағы БҚМУ
терминком мүшесі, медициналық және
биологиялық химия кафедрасының
аға оқытушысы

